

**"Улы заттарды (уларды) қолдануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормаларын бекіту туралы**

**Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2005 жылғы 13 мамырдағы N 232 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 1 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 3705. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 30 маусымдағы N 476 бұйрығымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.06.30 N 476 бұйрығымен.**

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 10) тармақшасына сәйкес

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған "Улы заттармен (улармен) жұмыс істеу кезінде еңбек ету жағдайына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (Байсеркин Б.С) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ұйымдастыру-құқықтық жұмыс департаменті (Акрачкова Д.В.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялауға жолдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі, Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері А.А.Белоногқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған қунінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**М и н и с т р д і н**

**міндеттін атқарушы**

**"КЕЛІСІЛДГ"**

**Қазақстан**

**Республикасының**

**Ауыл шаруашылығы министрі**

**7 маусым 2005 жыл**

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
м.а 2005 жылғы 13 мамырдағы  
N 232 бұйрығымен бекітілген

**"Улы заттарды (уларды) қолдануға қойылатын  
санитарлық-эпидемиологиялық талаптар"  
санитарлық-эпидемиологиялық ережесі  
мен нормалары**

**МАЗМҰНЫ**

**1. Жалпы ережелер**

1. "Улы заттарды (уларды) қолдануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормалар (бұдан әрі - санитарлық ереже) улы заттарды (уларды) қолдануға санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

2. Осы санитарлық ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) улы заттар (улар) (бұдан әрі - улы заттар) - ең аз дозада және қанықпа түрінде организмге түскен жағдайда патологиялық өзгерістер тудыратын, қауіптілік жағынан 1-2 сыныпқа жататын жоғарғы биологиялық белсенділігі бар химиялық биологиялық қосылыстар;

2) зиянсыздандыру - улы қосылыстардың уыттылығын төмендетуге арналған шаралар кешені;

3) базистық қоймалар - үлкен көлемдегі улы заттарды сақтауға және тұтынушының жұмсауына арналған улы заттарды сақтайтын қоймалар;

4) улы заттарды жіберетін қоймалар - улы заттардың ұйымдардың өндірістік қажеттілік көлеміне қарай сақтауға арналған қоймалар;

5) улы заттарды (уларды) қолдану - Қазақстан Республикасы халқының санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын, қауіпсіздігін және денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында оларды сақтауды, тасымалдауды, залалсыздандыру мен жоюды қамтитын улы заттармен жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

**2. Улы заттарды сақтайтын қойма  
үй-жайларына және сақтау жағдайына қойылатын  
санитарлық-эпидемиологиялық талаптар**

3. Улы заттар үшін қойма ретінде жертөлелерді, палаткаларды, жанар-жағармай материалдарын сақтайтын қоймалардың үй-жайды пайдалануға, сондай-ақ улы заттарды ашық аспан астында немесе күрке астында сақтауға болмайды.

4. Улы заттарды сақтауға арналған қоймаларда табиғи және жасанды жарық көздері қарастырылып, сумен және канализация жүйесімен, жылумен қамтамасыз етіліп, табиғи және қолданыстағы құрылыш нормалары мен ережелердің талаптарына сай, сорып-шығаратын желдету жүйесі қарастырылуы керек.

5. Қоймалар базистық қоймалар, улы заттарды жіберетін қоймалар болып екіге бөлінеді:

Қоймалар елді мекеннің тұрғын үйлерінің ық жағында орналасып, құрылышы жоқ жерде орналасуы керек. Олар ашық, жақсы жеденетін, су астында қалмайтын участекерде орналасып, жер асты суларының деңгейі 2 метрден (бұдан әрі - м) кем болмай, биіктігі 2,4 м қоршаумен қаршалуы керек.

6. Базистық және улы заттарды жіберетін қоймалар орналасқан участеке автокөліктеге арналған жол қарастырылып, олар үлкен жолдармен жалғасуы керек. Базистік қоймалар теміржолмен жабдықталып, олар жалпы қолданыстағы теміржолдармен жалғасуы керек.

7. Улы заттардың кез келген тобын сақтауға, кораптауға және құюға арналған қоймалық үй-жайлардың қабырғасын, төбесін және ішкі құрылғыларын әрлеу Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етіліп, химиялық, ыстық және механикалық факторлардың әсеріне шыдамды және тез тазартуға, жууга болатын материалдан жасалуға тиіс. Қабырғаның төбемен және еденмен түйісетін жерлері доказанып келуге тиіс.

8. Уларды сақтайтын қоймалар берік есіктермен жабдықталынуы керек.

9. Қоймаларда дәрі-дәрмектер табандықтарда, сөрелерде, стеллаждарда сақталуға тиіс, олардың қабырға мен арасы 1,5 м кем болмауға тиіс.

10. Бір қоймалық үй-жайда біріне-бірі әсер ететін улы заттарды сақтауға болмайды.

11. Улы заттардың әрбір бөлігі сандық есепке алынып, ол туралы мәліметтер осы санитарлық ереженің қосымшасында көрсетілгендей ұйымның басшысының қолмен және мөрмен расталынған, беттері нөмірленген, түбі тігілген журналда тіркелинуі керек.

12. Улы заттарды өлшеу және өлшеп алу ауасы сорып-шағырылатын шкафта жүргізіліп, ол үшін арнайы бөлінген ыдыстарды пайдалану керек.

13. Жұмыс барысында пайдаланылмаған улы заттар жұмыс аяғында қоймаға қайтарылуы керек.

14. Санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар қоймалардан бөлек орналасуы керек.

Санитарлық-тұрмыстық үй-жайлардың құрамына өзінің және арнайы киімдерін, аяқ киімдерін бөлек сақтайтын шкафтармен жабдықталған киім ілгіш орын болуы керек. Ол жерде себезгі, дәретхана, ыстық және суық суды араластыратын қондырғысы болып, тамақ ішетін бөлме қарастырылуы керек.

15. Улы заттарды қабылдайтын, жіберетін, тиеп түсіретін қойма жұмыскерлері улы заттарды зиянсыздандыратын химиялық заттармен қамтамасыз етіліп, әрқайсысының қорғаныс құралдары болуы керек.

16. Қойма жұмыскерлері, қолданыстағы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау Министрінің 2004 жылғы 12 наурыздағы "Міндепті түрде алдын-ала, кезеңді медициналық тексерістерден өтетін зиянды өндірістік факторлардың, мамандықтардың тізімі және алдын-ала зиянды, қауіпті және өндірістік қолайсыз факторлардың әсеріне тап болатын жұмыскерлерге кезеңді медициналық тексерістер жүргізу туралы нұсқауды бекіту туралы" N 243 бүйрығына және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеуден өткізу реестрінде N 2780 тіркелген, сондай-ақ қауіпсіздік техникасы нұсқауымен танысып, жұмысқа алынардың алдында және кезеңді медициналық тексерістерден өтіп отырулары керек.

### **3. Зертханада пайдаланылатын улы заттарды сақтауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар**

17. Улы заттарды сақтауға арналған өндірістік және зертханалық үй-жайлар  
жеке орналасуы керек.

18. Зертханадағы улы заттар бөлек төмендегідей реактивтер тобынан бөлек  
сақталуға тиіс:

1) жарылыс беретін заттардан;

2) жанатын және сығымдалған газдардан (ацетилен, сутегі, пропан-бутан);

3) өздігінен жанатын және жалын беретін заттардан (карбид, кальций, сілтілік металдар, ақ фосфор);

4) оңай тұтанып, жанатын сүйық заттардан (диэтилді эфир, ацетон, петролдық эфир, бензин, бензол);

5) өздігінен от шығуынан мүмкіндік беретін заттардан (азот қышқылы, марганецқышқылды калий, күкірт қышқылы).

### **4. Улы заттарды тасымалдауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар**

19. Улы заттарды тасымалдау үшін қолданыстағы стандарттардың талаптарына сай көлік құралдарын пайдалану керек.

20. Улы заттарды тасымалдау кезінде бірге болатын адамдар мен

жүргізушилер техникалық қауіпсіздік ережелерімен танысуы керек; өздерімен қоса газтұтыш, тығыз матадан тігілген комбинизон, резенкеден жасалған саусақты техникалық қолғап, етік, улы заттардың уытын қайтаратын немесе бейтараптандыратын дәрмектер салынған қобдишамен жабдықталып, керек болғанда алғашқы медициналық көмек көрсетуге дайын болуы керек.

21. Улы заттарды тасымалдау кезінде бірге болатын адамдар улы заттар салынған ыдыстың дұрыстығын тексеріп отырулары керек. Егер дәрмек салынған ыдыс бүлінген жағдайда қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, көлікті тоқтатып, шашылған улы заттарды артық ыдыстарға қайта салып, немесе қауіпсіз жерге апарып, жүктің қауіпсіздігін қамтамасыз етуі керек.

Сынған ыдысты жөндеу, шашылып төгілген улы заттарды жинау жұмыстарын арнайы киімді киіп барып, қорғаныш құралдарын қолдана отырып жүргізу керек.

22. Әрбір улы заттар салынған ыдыстың бүлінуі туралы немесе улы заттардың шашылғаны туралы акті жасалынып, ол санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдарына жіберілуі керек.

Актіде улы заттың атауы, салмағы, жүрген жолы, ыдыстың сынған себептері, шашылған (төгілген) заттың көлемі көрсетілуі керек. Актіні жүкті сақтауға жауапты немесе дәріні тасымалдау кезінде бірге болған адам толтырып қол��ояды.

23. Улы заттарды тасымалдау жұмысы аяқталғаннан кейін, тасымалдау бөлігін мұқият тазалап, жуу керек. Тасымалдау көліктерін жуу арнайы бүлінген су өткізбейтін жабындымен жабылған участкеде жүргізуі керек. Жуылған ағынды су бетондалған су өткізбейтін сыйымдылықтарға жиналышып, зиянсыздандырылуы (бейтараптандырылу) керек. Ол үшін жергілікті тазалағыш қондырғылардан өтіп, суғару үшін пайдаланылады немесе канализацияға жіберу керек.

24. Улы заттарды тасымалдау барысында қолданыстағы стандарттың талаптарына сай берік, бүлінбеген, сынбаған, таза ыдыспен қаптау керек. Улы заттар б ы л а й қ а п т а л у ғ а т и с :

1) тығыны тығыздала жабылатын шыны банкілерге (міндettі түрде тексерілуі керек), банкінің аузы мен мойны парафинделініп, оған резенке қалпақ кигізіледі. Шыны ыдыстар темір, қаңылтыр құндақтарға қойылып, астына, қырына, жанына жұмсақ материалдармен тығыздалынады;

2) тесеніші, бұрандалы тығыны бар темір қалайы банкілер қақпағымен біріккен жерде дәнекерленеді, ағаш жәшіктерге салынып, шайқалмас үшін үстіне бос топырақ немесе ағаш үгіндісін төгіп қояды. Жәшіктер жүкті жіберушімен пломбаланады. Жәшіктің қақпағында "Жоғарғы жағы, абайла" деген жазу

**ж а з ы л а д ы ;**

3) төртмилиметрлік фанера мен ағаштан жасалған ағаш барабандарда орналастырылып, тұмшаланып жабылатын металдан жасалған барабандарға. Барабандардың жоғарғы және төменгі қабаттары темір сақинамен қапталады, фанералық барабандардың көлденең тігістері темір сақиналармен тігу арқылы **б е к і т і л е д і ;**

4) төртқабатты крафтцеллюозалық қаптар арқылы;

5) кендір қаптарға салынған көп қабатты қағаз қаптарға, сол сияқты фанералық немесе темір барабанға салынған қағаз, зығыр немесе кендір қаптар **а р қ ы л ы ;**

6) ағаш жәшіктерге салынған төсөніштермен бекітілген болаттан жасалған **ба л л о н д а р а р қ ы л ы .**

25. Әрбір қорап затбелгісімен қамтамасыз етіледі. Затбелгіде төмендегідей ақпараттар болуға тиіс: атауы, қажетті сақтану шаралары, қолданудың арнайы ережелері, өндірушінің атауы, өндірілген уақыты және жарамдылық мерзімі.

26. Қораптың сыртында "у" деген жазу жазылып және бас сүйек пен тұтікті айқастырылған **сүйектер суретін жапсыру** керек.

27. Улы заттарды тасымалдауға арналған баллондарға, цистерналарға басқа да ыдыстарға техникалық тексеріс жүргізу айына бір рет қайталанылып отыруы керек. Базистік және улы заттарды пайдалануға жіберетін қоймалар теміржол цистерналарын улы заттарды сақтау үшін пайдаланылуына болмайды.

## **5. Қолдануға жарамсыз улы заттарды зиянсыздандыруға және жоюға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар**

28. Улы заттарды дегазациялау үшін (зиянсыздандыру) мына заттарды **п а й д а л а н у к е р е к :**

1) цианидтер метилен көгімен, амилнитритпен, натрий нитритімен **з и я н с ы з д а н д ы р ы л а д ы ;**

2) ауыр металдар, атап айтқанда сынап утилинмен немесе натрий тиосульфатымен **з и я н с ы з д а н д ы р ы л а д ы ;**

3) құрамында күшән бар дәрі-дәрмектер тотияйын және аммоний сульфатымен **з и я н с ы з д а н д ы р ы л а д ы ;**

4) сілтілік қосылыстар қышқылдармен зиянсыздандырылады.

29. Уларды зиянсыздандыру мүмкін болмаған жағдайда улы заттар жойылады :  
:

1) 100 граммға дейінгі күшәнді 10% сілтіде ерітіп, шұңқырға біркелкі құйып, бетін топырақпен жабады. Бір жерге 100 г артық күшән көмуге рұқсат етілмейді;

2) сынаптың қостотығы ыстық суда ерітіліп, арақатынасы сынаптың қостотығының бөлігі судың 1000 бөлігімен еселенеді. Ерітінді ауладағы дәретхананың тазаланатын шұнқырына төгіледі немесе заарсыздандыру мақсатына қолданылады;

3) сары фосфор өртеу арқылы жойылады. Өртеу ашық жерде, түрғын үйлерден, азық-түлік қоймаларынан, жұмыс орындарынан, қоғамдық ғимараттардан және ағаш екпелерінен кем дегенде 1 км қашықтықта, кеңдігі 0,75 м, терендейді 1 м кем болмайтын шұнқырда жүргізіледі. Бір кезекте 200 г ғана өртеге рұқсат етіледі;

4) никотин, стрихнин, цинхонин өртеу арқылы жойылады. Алкалоидтарды 10 г артық емес шағын партиялармен өртеуге рұқсат етіледі. Алкалоидтарды жоюмен айналысқаннан кейін қолды 1% тұз қышқылының ертіндісімен өндеп, одан соң сабында жуу керек;

5) жоюға жататын синил қышқылын, оның тұздарын және цианқорытпасын алдын ала темір тотияйының жүзгіндерімен және өртелген әкпен төмендегідей есепте зиянсыздандырады: синиль қышқылының әрбір өлшенген бөлігі үшін 24 темір тотияйының өлшемдік бөлігі және 12 өртелген әктің өлшемдік бөлігі; синил қышқылының тұздары үшін - 6 темір тотияйының өлшемдік бөлігі және 3 өртелген әктің өлшемдік бөлігі. Жүзгіндер әрдайым қолданар алдында әк пен темір тотияйынын суда еріту арқылы дайындалады. Ерітінді 10% қанықпа түрінде даяндалады.

Синиль қышқылын жабық ыдысты зиянсыздандыратын сұық ерітіндіге батырып, әрі қарай сұйықтың ішінде ыдысты ақырын ашып, синиль қышқылын жүзгімен біртіндеп 30 минөт бойы араластырады және толық зиянсыздандыру үшін әрі қарай 3-4 сағатқа қалдырады, содан кейін ғана төгеді. Сыртқы температура  $+20^{\circ}\text{C}$  жоғары болғанда синиль қышқылымен абайлап жұмыс істеу керек ( $+27^{\circ}\text{C}$  температурада синиль қышқылы қайнайды).

Синиль қышқылының тұздары және цианқорытпасы біртіндеп және сақтықпен жаңадан дайындалған зиянсыздандыратын ерітіндіге енгізіліп, 30 минөт бойы араластырылады, әрі қарай толық зиянсыздандыру үшін 4 сағатқа қалдырады, содан кейін жергілікті немесе орталықтандырылған канализация жүйесіне құйылады. Бір мезгілде жойылуға жататын синиль қышқылы немесе оның тұздарының мөлшері 200 г аспауға тиіс;

6) күкірткөміртек өртеу арқылы жойылады. Өртеу кезінде жел жағында тұру керек;

7) хлорпикрин кез келген жайпақ ыдыста буландыру арқылы жойылады. Легенге немесе басқа жайпақ ыдысқа хлорпикрин 5 мм аспайтын деңгейде құйылады. Хлорпикрин толық буланып біткен жағдайда жойылған болып

есептеледі. Хлорпикринді жою мүмкін болмаған жағдайда, оны газтұқыш кио арқылы тікелей оттың үстінде жоюға болады, себебі оны қыздырған кезде уландырушы зат - фосген түзіледі.

30. Қолдану мерзімі өткен улы заттарды қолданыстан алып, дегазация (зиянсыздандырылған) жұмыстарын жүргізгеннен кейін, комиссия арқылы, белгіленген тәртіп бойынша әкімшілік бөлгөн материалды жауап беретін адамның қатысуымен жойылады.

31. Дегазацияланған (зиянсыздандырылған) улы заттарды жою қолданыстағы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың талаптарына сәйкес қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған полигонда жүргізіледі.

32. Улы заттардың суда ерітілу мүмкіндігіне қарай, оларды көму әдістері.

Суда еритін улы заттарды көму жұмысы қабырғасының қалындығы 100 мм кем емес, толтырардан бұрын және толтырғаннан кейін толық түмшалануына 2 рет тексеріліп, арнайы металл контейнерлерінде жүргізіледі. Ол контейнерлер темір бетонды бункерлерде көмілуі керек.

Суда ерімейтін улы заттарды көму жұмысы, оның ішінде құрамында сынап, мырыш фосфиден бар заттарды темір бетонды бункерлерде суда еритін улы заттармен бірге көмуге болады. Әрбір контейнерлерде улы заттардың тек бір ғана түрі көмілуі керек. Контейнердің сыртында онда көмілген улы заттың атауы көрсетіледі.

"Улы заттарды (уларды)  
қолдануға қойылатын санитарлық-  
эпидемиологиялық талаптар"  
туралы санитарлық-эпидемиологиялық  
ережелер мен нормаларға қосымша

### Қауіптілігі жағынан бірінші сынышқа жататын заттарды есепке алу журналы

Қабылдау айы, күні	Улы заттардың атауы, өндіруші фирмасының атауы	Қабылданғаны кг (л)	Жұмсалғаны кг (л)	Қалғаны	Қабылдау алушының қо.